

Путраджая қаласының Малайзия жаңа әкімшілік орталығын салу тәжірибесін зерделеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 14 наурыздағы N 55-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.23. N 135 өкімімен.

1. Путраджая қаласының Малайзия жаңа әкімшілік орталығын салу тәжірибесін, қаржыландыру схемаларын және құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісі саласындағы озық технологиялар трансфертін егжей-тегжейлі зерделеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Палымбетов - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі,
Болат Әбілқасымұлы жетекші

Мамытбеков - Астана қаласы әкімінің орынбасары,
Асылжан Сарыбайұлы жетекшінің орынбасары

Асқар - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Аслан Мұратұлы Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаментінің өңірлік саясат басқармасы тұрмыс деңгейін талдау бөлімінің бас маманы, хатшы

Ким - Қазақстан Республикасы Экономика және
Ольга Владимировна бюджеттік жоспарлау министрлігі бюджеттік инвестицияларды жоспарлау басқармасының бастығы

Шөпшекбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Айдын Болатұлы Министрінің Кеңесі Өңірлік даму бөлімінің бас инспекторы

Аманбаев - "Астана қаласының Экономика және
Жолдымұрат Ермұханұлы бюджеттік жоспарлау департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры

(келісім бойынша)

- Сәрсембаев - Астана қаласы әкімі аппаратының
Әділбек Зейноллаұлы экономикалық талдау және мониторинг
бөлімінің меңгерушісі
- Баймышев - Қазақстан Республикасы Индустрия және
Қазбек Қайымұлы сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитеті техникалық нормалау және жаңа
технологиялар басқармасының бастығы
- Сахарова - Қазақстан Республикасы Қаржы
Елена Владимировна министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің мемлекет
қатысатын мемлекеттік емес заңды
тұлғалармен жұмыс істеу басқармасы
бастығының орынбасары
- Оразәлиева - Қазақстан Республикасы Қаржы
Зәбира Жандарқызы министрлігі Заң қызметі департаментінің
директоры
- Боқаев - "Астана қаласының Сәулет және қала
Тұрсынхан Айтқазыұлы құрылысы департаменті" мемлекеттік
мекемесі директорының орынбасары
- Әлімбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Ерлан Алтынбайұлы министрлігінің Азия мен Африка
департаменті Азия басқармасының бастығы

*Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.05.30. N
142 өкімімен.*

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде сол жерге барып, Астана қаласында инфрақұрылым объектілерін салу кезінде Путраджая қаласының Малайзия жаңа әкімшілік орталығын салу тәжірибесін қолдану мүмкіндігін айқындасын, сондай-ақ астананы дамыту стратегиясы жөнінде ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

Премьер-Министрдің

міндетін атқарушы